

Жаңалық релизi**2025 ж. 4 маусым, Алматы уақыты бойынша 12:00-ге (UTC 07:00) дейін жариялауға эмбарго**

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САЛАЛАРЫ БОЙЫНША PMI®

Қызмет көрсету секторындағы белсенділік 2022 ж. шілдеден бергі ең жоғары деңгейге жетті

Жаңа тапсырыстардың тиянақты өсуі белсенділіктің күрт артуына себеп болды...**... алайда бизнес сенімі алты айдағы ең төменгі деңгейге түсті...****... және жұмыстан қысқарту жалғасуда**

Қазақстанның қызмет көрсету секторында мамырда белсенділік айтарлықтай өсті және бұл 2019 ж. наурызда басталған зерттеу тарихындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі

Freedom Holding Corp. PMI® деректеріне сәйкес, іскери белсенділік бесінші ай қатарынан өсіп отыр. Бұл өсімге жаңа тапсырыстардың ұлғаю қарқынының артуы ықпал етті. Алайда қызмет көрсетуші компаниялар кадрлық құрамды жаңартуға әлі де ниетті емес, өйткені үшінші ай қатарынан жұмыстан қысқарту жалғасып жатыр.

Кадрлық құрамды жаңартуға деген ниеттің болмауын мамырдағы іскери белсенділікке деген сақтықпен түсіндіруге болады. Сәуір айынан бастап оптимизм деңгейі айтарлықтай төмендеді.

Негізгі көрсеткіш — Іскери белсенділік индексі. Бұл көрсеткіш бір ай бұрынғымен салыстырғанда бизнестегі белсенділік ауқымының құбылуына қатысты жалғыз сауал негізінде анықталады. Индекс 0-ден 100-ге дейінгі аралықта құбылады: 50-ден жоғары мән өсімді, ал 50-ден төмен қысқаруды білдіреді. Индекс маусымдық ауытқуларға қарай түзетілді.


Жыл басынан бергі әр айдағы көрсеткіш секілді, негізгі іскери белсенділік индексі екінші тоқсанның ортасында да 50,0 мәнінен жоғары болды. Сәуірде 51,4 болса, мамырдағы 54,3 мәні Қазақстанның қызмет көрсету секторындағы іскери белсенділік айтарлықтай және күрт өскенін көрсетті. Сонымен қатар, өсу қарқыны қатарынан үшінші ай жеделдеп, 2022 жылғы шілдеден бергі ең жоғары деңгейге жетті — ол кезде зерттеу тарихындағы рекордтық мән тіркелген болатын. Іс жүзінде, соңғы өсім зерттеу тарихындағы ең жеделі болды.

Қазақ қызмет көрсету секторындағы белсенділіктің артуы негізінен жаңа тапсырыстардың ұлғаюымен байланысты. Бұл ұлғаю қарқыны соңғы сауалнама кезеңінде жеделдей түсті, осылайша ағымдағы өсу кезеңі қатарынан жетінші айға созылды. Жаңа бизнестің өсуі де зерттеу тарихындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Зерттеуге қатысқан компаниялар соңғы өсімді жаңа келісімшарттардың жасалуы, маркетингтік шаралар және тұтынушылар мен туристер санының артуымен байланыстырады.

Қазақ қызмет көрсетушілері мамырда алдағы жылғы белсенділікке қатысты оң көзқараста болды. Респонденттердің жартысына жуығы алдағы 12 айда өндіріс көлемі артады

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI

Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда өскен (айма-ай өскен)



Деректер 2025 жылғы 12-27 сәуір мамырдағы.

Дереккөз: Freedom Holding Corp. S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Пікір

Ерлан Әбдікәрімов, Freedom Finance Global PLC (Freedom Holding Corp. 100% еншілесі) Қаржылық талдау департаментінің директоры:

"Қызмет көрсету секторында белсенділіктің артуына негізінен ішкі сұраныстағы тұрақтылық пен жаңа келісімшарттардың атқарылуы ықпал етті. Сөйте тұра, экономикада белгісіздік ұлғайғанын атап өту маңызды — ол ең алдымен салықтық реформа түрткі болды. Валюта бағамының құбылуы мен инфляциялық қысымның қолайсыз әсерінен операциялық шығындардың күрт өсуі жалғасты. Мұның бәрі бизнестегі жалпы көңіл-күй мен алдағы жылға деген үмітіне әсер еткені сөзсіз. Осындай жағдайда компаниялар ресурстарды орнымен жұмсау және қазіргі қалыптасқан жағдайдағы аз ғана тұрақты басымдықтардың бірі — клиенттер базасын кеңейтуге баса көңіл бөліп отыр."

деп күтсе, тек 13%-ы қысқарады деп болжады. Алайда сенім қатарынан екінші ай әлсіреп, өткен жылдың қарашасынан бергі ең төменгі деңгейге түсті. Сенімнің төмендеуіне қосылған құн салығы мөлшеріне (ҚҚС) өзгеріс енгізу жоспары мен экономикалық тұрақтылыққа қатысты алаңдау себеп болды.

Белсенділікке қатысты болжамның төмендеуіне жаңа тапсырыстардың тиянақты түрде артқанына қарамастан, компаниялардың жұмыс күшін арттыруға ынта танытпауынан байқалды. Мамырда жұмыспен қамту деңгейі үшінші ай қатарынан қысқарды. Қызметкерлер саны шамалы ғана қысқарса да маусымдық түзетілген тиісті индексте жыл ішіндегі ең айқын қысқару екені айқын көрінді.

Инфляциялық қысымға келсек, Қазақстандағы қызмет көрсетуші компаниялар мамырда оның бәсеңдегенін байқады. Шығындар күрт өсті, бірақ, өсім қарқыны жалпы орташа мәннен төмен болды. Ұлғайған шығынды респонденттер энергия бағасының қымбаттауы және АҚШ доллары мен Ресей рубліне қатысты айырбас бағамының қолайсыз құбылуымен байланыстырды.

Шығындар қысымының бәсеңдеуіне сәйкес, дайын өнім бағасының инфляциясы да сәуірмен салыстырғанда баяулады. Алайда бәсекенің күшеюіне байланысты кейбір компаниялар бағаны көтеруге мәжбүр болды. Жалпы алғанда, мамыр айында баға айтарлықтай өсті.

FREEDOM HOLDING CORP. ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША АРАЛАС PMI

Қазақстандағы жеке сектор белсенділігі соңғы екі жылдағы ең жоғары деңгейге жетті

2025 жылдың мамыр айында Қазақстанның жиынтық аралас PMI өндіріс индексі сәуірдегі 51,2 мәнінен мамырда 53,0-ге көтерілді. Бұл көрсеткіш 2023 жылдың мамыр айынан бергі ең жоғары деңгейге жетті. Өсімге қызмет көрсету секторының айтарлықтай кеңеюі түрткі болды. Ал өндіріс секторындағы өсім бәсеңдеп, тек шектеулі деңгейде қалды.

Соған қарамастан, өндіріс те, қызмет көрсету саласы да жаңа тапсырыстар көлемінің жедел өскенін тіркеді. Жалпы алғанда, жаңа тапсырыстар соңғы екі жылдағы ең жоғары қарқынмен артты.

Белсенділік пен сұраныстың артуына қарамастан, мамырда Қазақстан бойынша жеке сектор қызметкерлер санын қысқартты. Дегенмен, бұл қысқарту негізінен қызмет көрсету саласында болды және жалпы алғанда елеусіз сипат алды.


Алдағы жылғы белсенділікке деген үміт 2025 жыл ішіндегі ең төмен деңгейге дейін әлсіреді. Бұл, әсіресе, қызмет көрсету компаниялары арасындағы оптимизмнің едәуір төмендеуінен байқалды. Алайда жалпы алғанда, үміт деңгейі тарихи орташа көрсеткіштен жоғары қалыптасты.

Шығындар инфляциясы төрт ай ішіндегі ең төменгі деңгейге дейін баяулады. Дайын өнім бағасының өсу қарқыны да бәсеңдеді. Жалпы инфляциялық қысым ұзақ мерзімді орташа көрсеткіштен әлсіз болды.

*PMI аралас индекстері — бұл өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету секторларына тиесілі индекстердің сапаланған орташа көрсеткіштері. Саралау ҚР ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өңдеу өнеркәсібі мен қызмет көрсету секторларының үлесін ескереді. Қазақстанның аралас өндірістік индексі — бұл Қазақстанның өңдеу өнеркәсібі PMI индексі мен Қызмет көрсету секторының Іскери белсенділік индексінің сараланған орташа мәні.

PMI Ресурс бағасы Баға белгілеу бойынша PMI


Индекс, маус.түзету, >50 = өткен аймен салыстырғанда инфляция



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Қазақстан бойынша аралас PMI

Өндірістік индекс, маус.түзету, >50 = өткен айға қарағанда өскен



Дереккөз: Freedom Holding Corp, S&P Global PMI. ©2025 S&P Global.

Байланысушы тұлға

Ерлан Әдбікәрімов
Қаржылық талдау
департаментінің директоры
Freedom Finance Global PLC
Yerlan.abdikarimov@ffin.kz
Freedom Holding Corp

Қоғаммен байланыс
департаменті
Freedom Finance Global PLC
pr@ffin.kz
Freedom Holding Corp

Марьям Балуч
Экономист
S&P Global Market Intelligence
T: +44 (0) 1344 327 213
maryam.baluch@spglobal.com

Ханна Брук
ЕМА елдері бойынша
коммуникация менеджері
S&P Global Market Intelligence
T: +44 7483 439 812
hannah.brook@spglobal.com
press.mi@spglobal.com

Егер S&P Global жаңалықтар релизін алғыңыз келмесе press.mi@spglobal.com поштасына хабарлаңыз. Біздің құпиялық саясатымыз туралы [осы тұстан](#) оқыңыз.

Әдістеме

Freedom Holding Corp. Қазақстандағы қызмет көрсету салалары бойынша PMI® 250 жуық өндіруші компанияның сату жөніндегі менеджерлеріне жіберген сауалнамаға берілген жауаптар негізінде S&P Global әзірлеген.

Қамтылған салалар арасында тұтыну (бөлшек саудадан басқа), көлік, ақпарат, коммуникация, қаржы, сақтандыру, жылжымайтын мүлік және бизнес қызметтер бар. Бұл панел ЖІӨ-дегі үлесіне қарай нақты салалар мен компанияның жұмыс күшінің ауқымы бойынша жіктелген. Дерек жинау 2019 ж. наурыз айынан басталды.

Сауалнама жауаптары әр айдың екінші жартысында жиналады және оның алдындағы аймен салыстырғандағы өзгеріс бағытын көрсетеді. Таралу индексі әр сауалнама айналымы үшін есептеледі. Индекс - «жоғары» жауаптар пайызының қосындысы және «өзгермеген» жауаптар пайызының жартысы. Индекс 0 мен 100 аралығында құбылады, 50-ден жоғары мән алдыңғы аймен салыстырғандағы жалпы өсімді, 50-ден төмен жалпы қысқаруды білдіреді. Индекс маусымға қарай түзетіліп отырады.

Негізгі көрсеткіш қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік. Бұл алдыңғы аймен салыстырғанда іскерлік белсенділік ауқымының өзгерісі жайлы сауалға сүйеніп есептелетін таралу индексі. Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексі өндірістегі өнім өндіру индексімен пара-пар. Ол «Қызмет көрсету бойынша PMI» аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Аралас Өндірістік Индекс- Өндірістегі өнім өндіру индексі мен Қызмет көрсету саласындағы іскери белсенділік индексінің орташа мәні. Мәндер ресми ЖІӨ деректеріне сәйкес өнім өндіру және қызмет көрсету секторларындағы салыстырмалы ауқымды көрсетеді. Аралас Өндірістік Индекс «Аралас PMI» деп аталғанымен өнім өндіру бойынша PMI негізгі көрсеткіштерімен пара-пар бола алмайды.

Базалық сауалнама деректері жарияланған соң қайта қаралмайды, бірақ маусымдық түзету факторлары қажет кезде қайта қаралуы мүмкін, бұл маусымға орай түзетілген кейбір деректерге ықпал етеді.

PMI сауалнама әдістемесі туралы толық ақпарат алу үшін economics@spglobal.com поштасына жазыңыз.

Freedom Holding Corp.

Freedom Holding Corp. әртараптандырылған қаржылық қызмет көрсететін компания, брокерлік қызметпен, бағалы қағаздар саудасымен, инвестициялық зерттеулермен және консультация берумен, инвестициялық банктік және андеррайтингтік қызметтермен, ипотекамен, сақтандырумен, телекоммуникациямен, әуе билеттері мен мәдени және спорттық іс-шараларға билеттерді онлайн сатумен айналысады, онлайн супермаркет қызметтерін және басқаларын ұсынады.

Freedom Holding Corp. компаниясының еншілес компанияларын ескере отырып, 7,5 мыңнан астам қызметкері бар.

Холдингтің бөлімшелері мен еншілес компаниялары Қазақстан, АҚШ, Кипр, Польша, Испания, Өзбекстан, Әзірбайжан және басқаларын қоса алғанда 22 елде орналасқан.

Freedom Holding Corp. компаниясының жай акциялары www.freedomholdingcorp.com.

S&P Global

Негізгі ақпаратты жеткізуші S&P Global (NYSE: SPGI). Үкімет, компаниялар және жеке тұлғалар сенімді шешім қабылдауы үшін, біз оларға қажет нақты деректер, тәжірибе және жүйеленген технология ұсынамыз. Клиенттердің жаңа инвестицияларды бағалауына көмектесіп, оларға ESG мәселесі бойынша кеңес беріп, жеткізу тізбегіндегі энергияның жаңа көзіне ауысуына ықпал ету арқылы біз жаңа мүмкіндіктер ашамыз, мәселелерді шешіп, бүкіл әлемдік прогресті тездетеміз.

Әлемдегі көптеген жетекші компаниялар кредит рейтингін жасау, мақсатты көрсеткіштер, әлемдік капитал, шикізат және автокөлік нарығындағы еңбек ағынын басқару әрі

www.spglobal.com

S&P Global ұсынған PMI

Сату менеджерлері индексі™ (PMI®) сауалнамалары қазір 40 астам мемлекетте, оған Еуроаймақты қоса отырып, маңызды өңірлерде жүргізіледі. Бұл аса мұқият зерделенетін әлемдік бизнес сауалнама, ол уақтылы, дәл және әдетте ай сайынғы экономикалық трендтердің айрықша индикаторы болатын деректерді ұсынатындықтан, орталық банктер, қаржы нарықтары, бизнестегі шешім қабылдаушы тұлғалар

www.spglobal.com/marketintelligence/en/mi/products/

Ескерту

Осы құжаттағы мәліметтердің зияткерлік меншігі не лицензиясы S&P Global және/немесе оның еншілес компанияларына тиесілі. S&P Global алдын-ала жазбаша мақұлдасқан деректі кез-келген түрде рұқсатсыз қолдану, оның ішінде еспесіз көшіру не басқаша пайдалануға тиым салынады. S&P Global осы құжатта баяндалған мазмұн немесе ақпарат («Деректер»), Деректердегі кез келген қателік, шатасу, олқылық немесе кідірістерге қатысты және соларға сүйеніп жасалған әрекеттерге қатысты ешқандай жауапкершілік, міндеттеме немесе жүктеме алмайды. S&P Global Деректі қолданудан туған кез-келген арнайы, кездейсоқ немесе жанама шығындар үшін жауап бермейді. Сату менеджерлерінің индексі™ және PMI® сауда белгісі - S&P Global Inc тіркеген немесе S&P Global Inc және оның еншілестері лицензияланған сауда белгісі.

Бұл контентті S&P Global Ratings емес S&P Global Market Intelligence жариялады және алдыңғы аталған ұйым S&P Global құрамындағы жеке құрылым. Тиісті тараптан алдын-ала жазбаша рұқсат алмаған жағдайда рейтингді қоса («Контент») ақпаратты, дерек пен материалды көшіріп басуға тиім салынады. Сол тарап, оның еншілестері мен жеткізушілері («Контент жеткізушілер») кез-келген Контенттің нақтылығы, адекваттылығы, толыққандылығы, уақтылы болуы, оған қол жеткізілуіне кепілдік бермейді және (салғырттық немесе басқа) себебіне қарамастан кез-келген қателік немесе мүлт кетуге, осындай Контентті қолданудан туған нәтижеге жауап бермейді. Контент ұсынушылар ақпаратты кез-келген қолданудан туындаған